

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1438 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1438. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі N 1102 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1102 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетуінің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1438 Р991438\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 47, 440-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім мекемелерінің ақылы білім беру қызметін көрсетуінің тәртібіндегі:

2-тармақтағы 9) тармақшада "өнімдерін" деген сөзден кейін "оқу-әдістемелік әдебиетті сатудан алынатын қаражат; тәрбиеленушілердің оқу-өндірістік шеберханалардағы, қосалқы шаруашылықтардағы, кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардағы жұмысы үшін алынатын қаражат; мектептер мен мектеп-интернаттарының оқушылардың тамақтануы үшін ата-аналардан алатын қаражаты; мемлекеттік білім беру мекемелерінің қарамағындағы асханалар ұсынған тамақтану үшін оқушылардан түсетін төлем; оқушылардың жұмысы үшін мемлекеттік білім беру мекемелері кәсіпорындардан алатын қаражат; мектеп жанындағы күндізгі лагерьлерде балалардың болғаны үшін ата-аналардан мектептер алатын қаражат" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - М и н и с т р і